



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№74
(2452)
Сенбі

19 қыркүйек
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КОМИССИЯДА «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы «Заң мен Тәртіп» конституциялық қағидатын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Комиссия отырысында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағытында қабылданып жатқан шаралар мен алдағы міндеттер талқыланып, аудандық полиция бөлімі мен аудандық көпбейінді орталық аурухана басшылығының есептері тыңдалып, есірткі қылмыстарының алдын алу, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, профилактикалық және рейдтік іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі есірткі қылмысының алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік мекемелер мен қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Осыған байланысты, білім беру, мәдениет, спорт салаларында ақпараттық-түсіндіру және профилактикалық



жұмыстарды күшейту қажеттігін айтты.

Жиында аудан прокуроры Мадияр Бекпанов «Заң мен Тәртіп» қағидатын қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстарын білдірді. Атап айтқанда, жеке шаруашылықтардың жер учаскелерінде заң талаптарын бұзу жағдайлары орын алған жағдайда шаруашылықтардың жерін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде тиісті шаралар қабылдау керектігін жеткізді.

Бұдан кейін аталған жиын аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық

комиссияның отырысына жалғасты.

Комиссия отырысында құрылыс, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қаралды.

Бұл ретте аудан басшысы құрылыс саласында бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету, қаржы төлемдері, құрылыс сапасын бақылау, нысандарды қабылдау және рұқсат беру рәсімдеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша жауапты бөлім басшысына нақты тапсырмалар берді.

Ал, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары саласында жер учаскелерін беру кезінде заң талаптарын қатаң сақтау, аукцион өткізу тәртібін бұзбау, мүдделер қақтығысына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мәселелеріне кеңінен тоқталып өтті.

Тұрғын үй құрылысына беріліп, қазіргі таңда пайдаланылмай бос жатқан 133 жер учаскесіне қатысты жұмыстарды заң талаптарына сәйкес жүргізу қажеттігін айтты.

Жиын соңында аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы мемлекеттік қызметте ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз ету, бюджет қаражатын тиімді пайдалану, азаматтармен ашық диалог орнату және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру – әрбір мемлекеттік органның басты міндеті екенін атап өтті.

Комиссия отырыстарының қортындысымен жауапты мекемелерге күн тәртібіндегі мәселелерге сәйкес нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуы тікелей бақылауда болатынын ескертті.

●Баспасөз - 2027

АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста аудандағы діни және қоғамдық ахуал, терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері қаралды. Ұлттық, саяси және діни экстремизм тәуекелдерінің алдын алу, деструктивті діни ағым өкілдерімен профилактикалық және оңалту

жұмыстарын жүргізу, террористік тұрғыдан осал нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиында діни бірлестіктердің қызметі, елді мекендердегі мешіттердің жай-күйі, құжаттарын ретке келтіру және діни ахуалды тұрақты бақылауда ұстау мәселелеріне де назар аударылды.

Аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы жауапты сала басшыларына терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша профилактикалық

жұмыстарды күшейтуді, халық арасында түсіндіру шараларын жүйелі жүргізуді және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды сапалы ұйымдастыруды тапсырды.

Аудан әкімі отырыста қаралған мәселелер бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беріп, әрбір тапсырманың тиянақты орындалуы қатаң бақылауында болатынын ескертті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

4 ҚАЗАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «АРАНДЫ» АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Томаев Абилгазы Аймағанбетовичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Томаев Абилгазы Аймағанбетович 1967 жылы 15 маусымда «Майдакөл» совхозында дүниеге келдім.

1974 жылы «Майдакөл» совхозындағы №98 қазақ орта мектебіне барып, 1984 жылы аталған мектепті бітірдім. Әскер қатарында болған жоқпын. 1988-1994 жылдары Алматы зоотехникалық – малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, «зоотехния» мамандығын алдым.

1984-1987 жылдары «Майдакөл» совхозында жұмысшы, 1987 жылдың мамыр-қараша айларында Ү.Түктібаев совхозында жұмысшы, 1988-1994

жылдары Алматы зоотехникалық – малдәрігерлік институтында студент, 1993-1995 жылдары Ү.Түктібаев совхозында зоотехник, 1995-1997 жылдары «Қожабақы» шаруашылық серіктестігінде бас зоотехник, 1997-1999 жылдары «Аранды» шаруа қожалығының төрағасы, 1999 жылдың маусым-тамыз айларында «Аранды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 1999-2000 жылдары «Ақшоқы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, 2000-2001 жылдары Азық-түлік келісім шарт кооперациясының бөлім бастығы, 2003-2007 жылдары Қазалы аудандық аумақтық басқармасында жетекші маман – мал тұқымын асылдандыру инспекторы, 2007-2013 жылдары ҚР АШМ АӨК МИК Қазалы аудандық аумақтық инспекциясында жетекші маман – асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі инспекторы, 2013-2018 жылдары ҚР АШМ АӨК МИК Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының бас маман – асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі инспекторы қызметтерін атқардым. 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап «Аранды» ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқардым. 2019 жылдың 11 маусымынан бастап «Аранды» ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарып келемін. Қазіргі таңда өз аулымның өркендеуіне атсалысып, аулымыздың гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып жұмыс атқарамын.

Маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Томаев Абилгазы Аймағанбетовичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Аудандық маңызы бар «Қожабақы-Аранды» автомобиль жолының орташа жөндеуден өтуіне (асфальттау) ықпал ету;

«Аранды», Қожабақы ауылдары тұрғындарының жеке малдарын суару үшін скважина қаздыруға күшімді саламын; Жаңадан заманауи балабақша салуды қолға аламын;

Жаңадан заманауи әкімшілік салуға ықпал етемін;

«Жасыл белдеу» құруға, «Әбдірейім» ауыліргелік каналдарын тазалауды қолға аламын;

Мал жайылымын кеңейту мақсатында «Шанжар» каналын құжаттандырып, қаздыруға қаржы бөлдіруге ықпал етемін;

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы:

-ауылдық округте жаңа жұмыс орындарын ашуға және салық төлеу мәдениетін қалыптастыруға жұмыс істеймін;

-ішкі көше жолдарының жөндеуден өтуіне және ауыл көшелерін жарықтандыруды қолға аламын;

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында шағын және орта кәсіпкерлікті да-

мыту үшін шаруалар мен кәсіпкерлер үшін 2,5 пайыздық несие алуына ықпал етемін;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға күшімді саламын.

«Әділет» партиясының «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында тұрмысы төмен, аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі отбасыларына көмектер көрсетуге;

Қожабақы мен «Аранды» ауылдарына табиғи газ құбырын тартып, әр үйге кіруін бақылайтын боламын.

Жастарды патриоттыққа, Отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізуге, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге;

Ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға үлесімді қосамын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Курманбаев Дауренбек Ерназаровичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Курманбаев Дауренбек Ерназарович 1987 жылы 18 қыркүйекте Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Жоғары білімдімін. 2005-2008 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік

университетінің колледжін бітірдім. 2009-2012 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқып, «Қаржыгер» мамандығын алып шықтым.

2008-2013 жылдары Қызылорда қаласындағы мамандандырылған Күзет бөлімінде қызмет атқардым. 2014-2015 жылдары Қазалы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде әдіскер болдым. 2015 жылдың

қараша айынан бастап «Майлыбас» ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман, 2024 жылдан бас маман болып қызмет атқарып келемін. Отбасылымын. Зайыбым екеуіміздің үш ұлымыз бар.

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Курманбаев Дауренбек Ерназаровичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президентінің Стратегиялық бағдарламасын іске асыру мақсатында «Аранды» ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды іске асыратын боламын.

1. Бірінші кезекте ауыл жастары арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлікті дамытуды қолға аламын. Жас кәсіпкерлердің бизнес-жобаларын дайындап, тиісті мекемелерге барып, жеңілде тілген несие алуына жәрдемдесемін;

2. Ауыл шаруашылығы саласын қолдау мақсатында шаруа қожалықтарын біріктіріп, ауыл шаруашылық өндірістік кооперативін құрып, пайызы төмен несие, ауыл шаруашылығы құрылымдарына мемлекеттен берілетін субсидия алуына ықпал етемін;

3. Азық-түлік қауіпсіздігін болдырмау мақсатында ауыл тұрғындарының бақша дақылдарын егуін қамтамасыз етемін. Ол үшін тұрғындардың бақша егетін жерлерін дайындап, қоршап, тиісті аяқ сумен

қамтылуын қадағалап, дайын өнімдерін нарықтағы бағасымен сатуды ұйымдастырамын;

4. Ауыл маңындағы мал жайылымдарының суландырылуын, ауыл тұрғындарының төрт түлігінің еркін жайылуын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал жасаймын;

5. Ауылға сырттан инвестиция тартуды қолға аламын. Ол үшін аудандағы және сыртта жүрген инвесторларды тартатын боламын;

6. Ауылдағы асфальттанбаған көшелерге қаржы бөліріп, жөндеуді қолға аламын;

7. Ауыл көшелерін түнгі жарық шамдармен қамтамасыз етуге ықпал етемін;

8. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайларының жақсы болуы негізгі міндетім болып табылады;

9. Осы жұмыстарды ауыл тұрғындарымен ақылдаса отырып атқаратын боламын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

4 ҚАЗАН – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «АРАНДЫ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Тлеужанов Жанболат Койшыбаевичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Тлеужанов Жанболат Койшыбаевич 1972 жылы 23 қарашада Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Бозкөл» ауылында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ.

1979 жылы «Бозкөл» ауылындағы №96 орта мектебінің табалдырығын аттадым. 1985 жылы «Өркендеу» ауылындағы №104 орта мектебінде оқуымды жалғастырып, 1989 жылы 10 сыныпты бітірдім. 1989 жылдың 1 шілдесінде «Өркендеу» кеңшарына құрлысшы болып қабылдандым. 1991 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық аграрлық университетіне оқуға түсіп, 1996 жылы аталған университетті «зоотехния»

мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

1996-1997 жылдары «Өркендеу» шаруа қожалығында зоотехник, 1999 -2001 жылдары Қазалы қаласындағы №16 аралас мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, 2006-2007 жылдары Қазалы аудандық статистика бөлімі бастығының санақ жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым. 2007-2009 жылдары Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде оқып, экономика бакалавры мамандығын алып шықтым. 2009 жылдың тамыз-қараша айы аралығында «Майлыбас ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман, 2015-2020 жылдары «Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметтерін атқардым. 2020 жылдың тамызы айынан осы кезге дейін «Өркендеу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарамын. Отбасылымын. Зайыбым, Байқадамова Ұлбосын Шакизадақызы екеуіміздің 1 ұлымыз бар.

«Аранды» ауылдық округі әкіміне кандидат Тлеужанов Жанболат Койшыбаевичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің Стратегиялық бағдарламасын іске асыру мақсатында «Аранды» ауылдық округі әкімі етіп сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды іске асыратын боламын.

1. Ауыл тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқару.

2. Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс істеп, Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу.

3. Жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру, болмаған жағдайда жаңадан салғызу.

4. Төменгі пайызды несие-лер арқылы («Ауыл аманаты», «Іскер», тағы басқа) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

5. Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру.

6. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастармен үнемі жұмыс жүргізу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен ауылға жастарды шақырып, бос жұмыс орындарын ұсыну.

7. Ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс істеп, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

8. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру.

9. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыруға ықпал жасау.

10. Ауыл мәдениетінің дамуына, Президентіміздің «Таза Қазақстан» акциясы аясында абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ел тағдыры – ердің қолында, жер тағдыры – елдің қолында. Ал, ауылдың болашағы – сол елдің ертеңіне алаңдайтын, туған жердің тынысын жүрегімен сезінетін азаматтардың жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Үстіміздегі жылдың 4 қазанында «Құмжиек» ауылдық округі әкімінің сайлауы өтеді. Бұл – жергілікті маңызы бар кезекті саяси науқан ғана емес, ауылдың алдағы даму бағытын айқындайтын маңызды таңдау. Өйткені ауыл әкімі – ел мен биліктің арасын жалғайтын, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне жақын, тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, оны шешуге тікелей ықпал ететін жауапты

тұлға.

Сондықтан мұндай таңдау кезінде азаматтың білімі мен білігіне, еңбек жолына, елмен етене араласқан тәжірибесіне, ең бастысы, туған жер алдындағы жауапкершілігіне назар аудару – заңды әрі орынды.

Елге қызмет ету – мәртебе емес, міндет.

Әсіресе, ауылға әкім болу – бір кабинетті басқару емес. Бұл – әр шаңырақтың жағдайына бей-жай қарамау, көшенің тазалығынан бастап, елді мекеннің әлеуметтік ахуалына дейін назарда ұстау, тұрғындардың ұсынысы мен мәселесін тыңдау, мүмкіндігінше нақты шешім іздеу. Ауылдың тынысын алыстан бағамдау мүмкін емес.

Оны сол ортада өмір сүрген, елдің мұңын да, қуанышын да бірге бөліскен азамат қана терең түсінеді.

Осындай жауапкершілікті жүрекпен сезінетін азаматтардың бірі – Нағашыбаев Мұратбек Тұңғышбайұлы.

Қазалы өңірінің тумасы, мемлекеттік қызметтің түрлі саласында еңбек етіп, басқару ісінің бірнеше бағытын меңгерген тәжірибелі маманның кәсіби жолы – бір күнде қалыптасқан жетістік емес. Бұл – жылдар бойы жинақталған тәжірибенің, тынымсыз ізденістің, жауапты міндеттерді абыроймен атқарудың нәтижесі.

Білім – азаматтың өмір жолындағы темірқазығы. Осыны ерте түсінген

Мұратбек Тұңғышбайұлы 2003-2007 жылдары Тараз қаласындағы «Әулие ата» университетінде «Заңгер» мамандығы бойынша білім алды.

Заңгерлік білім оның кейінгі еңбек жолында айрықша маңызға ие болды. Заңдылықты сақтау, мемлекеттік шешімдердің құқықтық негізін білу, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіну – мемлекеттік қызметшіге қойылатын негізгі талаптардың бірі. Осы бағыттағы теориялық білімін ол жылдар өте келе нақты тәжірибемен ұштастыра білді.

Ал, 2026 жылдың маусым айынан бастап Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қай қоғамда да даму нақты іске, ал нақты іс жауапты азаматқа сүйенеді. Сондықтан ауылдың ертеңін ойлау – бүгінгі таңдаудан басталады. Туған жердің тағдырына бейжай қарамай, елдің сөзін тыңдап, халықтың сенімін ақтауға ұмтылу – нағыз азаматқа жүктелер үлкен міндет.

Өйткені елге қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Ал халық сенімі – сол жауапкершіліктің ең биік өлшемі.

Қожаберген КЕЛДІБАЙ, Нағашыбаев Мұратбек Тұңғышбаевичтың сенімді өкілі. Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

● Хабарландыру

2026 жылдың 25 қыркүйек күні сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн

тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданы көлеміндегі әлеуметтік нысандардың қысқы маусымға дайындығы тура-

лы.

2. Техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарын бітірген мамандардың жұмыспен қамтылуы туралы.

3. Салық базасын ұлғайту бойынша атқарылған жұмыстары туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ТӘЖІРИБЕ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Биыл, 4 қазан күні өкілеттік мерзімі аяқталған «Құмжиек» ауылдық округі әкімінің сайлауы өтеді. Аталған сайлауға кандидат ретінде мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған Толыбаев Нұрлан Бақытұлы тіркелді.

Нұрлан Бақытұлының еңбек жолы 2005 жылдан басталады. Алғашқы жылдары «Бозкөз» ауылдық округі әкімі аппаратында маман, кейін жетекші маман қызметтерін атқарып, жергілікті атқарушы органның жұмысымен етене танысты.

2012-2018 жылдары Қазалы ауданының құрылыс бөлімінде бас маман, 2018-2019 жылдары Қазалы ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінде

бас маман, 2019-2023 жылдары Қазалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды.

2023 жылы Қызылорда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы болып еңбек етті. Сол жылдың қазан айынан 2024 жылдың шілде айына дейін Қазалы ауданы әкімдігінің персоналды басқару, (кадр) жұмысы бөлімін басқарды.

2024 жылдың тамыз айынан 2025 жылдың маусым айына дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінде бас маман қызметін атқарды. Ал, 2025 жылдың маусым айы-

нан бері «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің есеп және шаруашылық бөлімінде бас маман болып еңбек етіп келеді.

Мемлекеттік қызметтегі 20 жылға жуық еңбек тәжірибесінде Нұрлан Бақытұлы түрлі бағыттарда қызмет атқарып, басқару, ұйымдастыру, мемлекеттік сатып алу, кадрлық және құқықтық жұмыстар салаларында тәжірибе жинақтады. Еңбегі еленіп, бірқатар марапаттарға ие болды.

Кандидаттың сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар міндеттер қамтылған. Атап айтқанда, жа-

стар арасындағы жұмыссыздықты азайту және кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне беру көзделген.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ерекше мән берілген. Ауыл тұрғындарының өз қажеттілігін қамтамасыз етуіне мүмкіндік жасау мақсатында бақша егу ісін дамыту да бағдарламада көрініс тапқан. Бұл бастама азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және ауыл тұрғындарының тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуге бағытталмақ.

Ауылдың инфрақұрылымын жақсарту да назардан тыс қалмаған. Атап айтқанда, асфальттанбаған көшелерді кезең-

кезеңімен жөндеу үшін тиісті қаржы көздерін қарастыру және қажетті жұмыстарды ұйымдастыру жоспарланған.

Нұрлан Бақытұлының сайлауалды бағдарламасында қамтылған міндеттер ауылдың экономикалық әлеуетін арттыруға, кәсіпкерлікті қолдауға, ауыл шаруашылығын дамытуға және елді мекеннің инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған.

Алдағы сайлау «Құмжиек» ауылдық округінің даму бағытын айқындайтын маңызды таңдау болмақ.

Алматбек САХИ,
Толыбаев Нұрлан
Бахытовичтың
сенімді өкілі.
Қаржысы
облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

АУЫЛ БОЛАШАҒЫ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

4 қазан күні өкілеттік мерзімі аяқталған «Құмжиек» ауылдық округі әкімінің сайлауы өтеді. Осы сайлауға кандидат ретінде Ермбетов Талант Болатұлы тіркелді.

Талант Болатұлының мемлекеттік қызмет саласында қалыптасқан тәжірибесі бар. Еңбек жолын 2015 жылы Әйтеке би кентіндегі «Қазалы несие кредиттік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде заңгер болып бастап, 2017-2020 жылдары Қазалы қаласы әкімі аппаратының жетекші маманы қызметін атқарды. 2020 жылдың

маусым айынан бері Қазалы қаласы әкімі аппаратының бас маманы болып еңбек етіп келеді.

Осы жылдар ішінде жергілікті атқарушы органдардың жұмысымен етене танысып, тұрғындармен жұмыс жүргізудің қыр-сырын меңгерді. Атқарған қызметіне орай аудан және облыс әкімдерінің марапаттарына ие болды.

Талант Болатұлы үшін ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту, тұрғындардың әлауқатын арттыру және елді мекеннің көркеюіне үлес қосу – басты міндеттердің бірі.

Кандидаттың алға

қойған мақсаттарының қатарында жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту шараларына тарту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасау бар. Кәсіп бастауға ниетті тұрғындарға мемлекеттік бағдарламалар мен жеңілдетілген несиелер жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, кәсіпкерлерге жер, салық, несие және заңнамалық мәселелер бойынша бағыт-бағдар беруді қолға алу көзделген.

Жастар – ауылдың болашағы. Сондықтан жастардың спортқа, мәдениетке және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуы-

на қолдау көрсету, олардың кәсіп бастауына және жұмыспен қамтылуына жағдай жасауға ықпал ету де маңызды бағыт ретінде белгіленіп отыр.

Талант Болатұлының еңбек жолы – жауапкершілік пен қызметтік тәжірибеге негізделген. Ол ауыл тұрғындарымен ашық байланыс орнатып, халықтың ұсыныс-пікірін тыңдай отырып, өзіне жүктелген міндеттерді жүйелі түрде атқаруды мақсат етеді.

Менің ойымша, ауылдың болашағы – нақты іске, бірлікке және тұрғындардың белсенділігіне байла-

нысты. Осы бағытта Талант Болатұлы өз білімі мен тәжірибесін «Құмжиек» ауылдық округінің дамуына жұмсауға ниетті.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, абаттандыру жұмыстарын жүйелеу, кәсіпкерлік пен жұмыспен қамтуға қолдау көрсету және жастарға мүмкіндік жасау – алдағы кезеңдегі негізгі басымдықтар.

Гулим ЕЛХАНОВА,
Ермбетов Талант
Болатұлының
сенімді өкілі.
Қаржысы
облыс бюджетінің
қаражатынан
төленді

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты мен күні	Қабылдау орны, мекен-жайы	Байланыс телефоны
Сисенбиев Ерлан Мырзалиевич	Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы	Сәрсенбі, жұма күндері (Сағат 15.00 ден - 18.00-ге дейін)	Әйтеке би кенті, Ж.Нұрмұхаммедұлы көшесі, №130	79-2-80 (6920)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.